

ЖИҺАД ЕМЕС ТЕРАКТ

Алшынбаев Қанат Мұқанғалиұлы

Көкшетау, 2013

УДК 28
ББК 86.38
А 55

**Қазақстан Республикасы Дін істері
Агенттігінің дінтану сараптамасының
оң қорытындысы берілген**

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған**

Алшынбаев Қанат Мұқанғалиұлы
А 55 Жиһад емес теракт – Көкшетау, 2013. –__бет.

ISBN 978-601-7271-81-7

Осы еңбекте, оқырманға жарылыс жасау арқылы, бейбіт тұрғындарға, өздеріне қол жұмсау шарияттан емес екенін, Құран мен сүннеттен дәлелдеп, көрсетілген. Тіпті, рауилер (хадисті жеткізгендер) де келтірілген. Бұл жерде, осы заманғы, Сауд Арабиясында өмір сүретін, Мәдина қаласының хадис ғалымы Абдул-Мухсин әл-Аббадтың «Какой же разум и религия могут назвать теракты джихадом?! О молодежь, опомнитесь!» атты еңбегі негізге алынды.

Қолыма қалам алып, бұл еңбектің жазылуына елімізде, әсіресе, Тараз қаласында орын алған лаңкестік оқиғалар себеп болды.

Жалпы оқырман қауымға, діни қызметкерлерге арналады.

ISBN 978-601-7271-81-7

ЖИҢАД ЕМЕС, ТЕРАКТ

Қазіргі таңда елімізде бірнеше лаңкестік жағдайлар орын алғаны белгілі. Кесірі Ислам дініне, мұсылман іні-қарындастарымызға тиюде. Ең өкініштісі, асыл дінімізге күйе жағылды. Үш қайнаса да дінмен сорпасы қосылмайтын террорлық актілерге жиһад деген атақ берілуде. Елімізге дін бостандығы заңын пайдаланып, әр тараптан неше түрлі ағым-секталар, ғалым-сымақтар ағылды. Ерте заманнан бері ұсталынып келген Әбу Ханифа мазһабы, жалпы мазһаб ұстану деген ұғым қате болып шықты. Нәтижесінде, бағынбаудың кесірінен, төрт мазһаб емес, мыңдаған мазһаб туындап кетті. Жастарымыз кім-көрінгеннің артынан еріп адасты. Кейі жиһад деген ұранға еріп, айдалада құрбан болды. Құран мен сүннетпен жүреміз деп, сол Құран-сүннеттен алыстады. Имамдардың сөзін қабыл етпей, әлі де пәтуә беруге хақысы жоқ адамдардың сөзіне құлақ асты. Сол себепті, осы еңбекте, Құран мен сүннетпен жүреміз деген бауырларымызға, жарылыс жасау арқылы, бейбіт тұрғындарына, өздеріне қол жұмсау шарифаттан емес екенін сол Құран мен сүннеттен дәлелдеп көрсетуге тырысамыз. Тіпті, рауилерді (хадисті жеткізгендер) де, оған қоса, өздерінің бетке ұстар Ибн Тәймийя, Ибн Усәймин сынды ғалымдарының айтқан сөздерін келтіреміз. Бұл жерде, осы заманғы, Сауд Арабиясында өмір сүретін, Мәдина қаласының хадис ғалымы Абдул-Мухсин әл-Аббадтың «Какой же разум и религия могут назвать теракты джихадом?! О молодежь, опомнитесь!» атты еңбегі негізге алынды.

Ақиқатында шайтанның мұсылмандарды азғырып, адастыратын екі жолы бар. Бір жолына күнәға бейім, дініне селқос қарайтындарды итереді. Ондай мұсылманға күнәларын әшекейлеп, нәпсісіне ертіп, Аллаға және оның Елшісіне бойұсынудан алыстатады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Жәннат жежкөрінішті нәрселермен, ал Тозақ нәпсіқұмарлықпен қоршалған»** - деп айтқан. (әл-Бухари 6487, Мұслим 2822)

Енді бір жолына шайтан Аллаға деген құлшылығында, тағаттылығында берік болған адамдарды итереді. Мұндай адамға ол дінін бұзу үшін оны астамшылыққа итермелейді. Алла тағала: **«Әй кітап иелері! Діндерінде артық кетпеңдер! Аллаға байланысты шындықты айтындар...»** (ән-Нисә:171) және тағы: **«(Мұхаммед:) «Әй кітап иелері! Діндерінде орынсыз шектен шықпаңдар және бұрынғы нақ жолдан адасқан, әрі көптерді адастырған сондай-ақ, тегіс жолдан азған қауымның әуесіне ілеспеңдер» - де»** - деп айтқан. (әл-Мәйда:77)

Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Діндерінде артық кетуден сақтаныңдар! Ақиқатында сендерден бұрынғылардың түбіне діндерінде артық кетулері жетті»** - деп айтқан болатын. (Бұл хадис сахих. Имам ән-Нәсәи және басқалары риуаят еткен)

Және тағы шайтанның бір айлакерлігі жоғарда аталған діндерінде астамшылық қылғандарға өз нәпсісіне еруді әшекейлеп, дінді қате түсінетін етіп қояды. Оларды оларға ақиқатты түсіндіріп бере алмағандай, тура жолды көрсете алмағандай ғалымдарға жүгінуден алыстатады. Алла тағала: **«...нәпсіңе ерме, әйтпесе ол сені Алланың жолынан адастырады!»** -

дейді. (Сад:26) Қасас сүресінің 50-ші аятында: «...Алладан бір жол-жорықсыз өз көңілдері ауған жаққа ілескеннен әрі адасқан кім бар?!» - деп айтқан.

«Сондай жаман ісі өзіне әдемі көрсетіліп, оны жақсы көрген біреу (жақсымен тең бе?) Алла қалағанын адастырып, қалағанын тура жолға салады» (Фатыр:8)

«Ал сонда Раббы тарапынан ашық дәлелде болған біреу, өзіне жаман істері әдемі көрсетіліп, әуестеріне ерген біреумен тең бе?» (Мұхаммед:14)

«Ол саған Кітаптың негізгі іргетасы болған ашық мағыналы аяттары бар, екінші ұқсас ұғымда аяттар бар Құранды түсірген Алла. Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздестіріп соңына түседі» - дейді. (Әлу Имран:7)

Әл-Бухари (4547) мен Мұслим (2665) жинақтарында Айша (р.а.) Алланың елшісі (с.ғ.с.) жоғардағы аятты оқып, былай деді: «*Анық емеске ергендерді көрсең Алла тағала ескерткендер нағыз солар екенін білгін, сондықтан, олардан сақ бол*» деп айтқанын жеткізген.

Сонымен қатар, Алла елшісі (с.ғ.с.): «*Алла тағала Өзінің жақсылық қалаған құлына дінде дұрыс түсінік береді*» деген. (әл-Бухари 71, Мұслим 1037.)

Бұл хадисте Алла құлына игілік қалағанының бір белгісі, оны дінді дұрыс түсінетін ететіндігі. Бұдан алатынымыз, кімге Алла жақсылық қаламаса, оған дінде дұрыс түсінік бермейді дегені. Одан қалды, оған қате түсінік береді.

Дінді қате түсінгендер ретінде кезінде Әлиге (р.а.) қарсы шығып, соңында оны өлтірген харижиттерді келтірсек болады. (*Харижиттер – адасқан ағым. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оларды «Соңғы уақытта жас, зердесіз адамдар пайда болып, ең жақсының сөздерін (Құран) оқитын болады. Алайда олар Исламнан садақтан жебе шыққандай шығады. Ол адамдардың имандары кеңірдектен ары өтпейді» - деп сипаттаған*). Ақиқатында олар шарифатты сахабалардың түсінінгіне сай емес, керісінше, теріс түсінді.

Міне сондықтан, Ибн Аббас оларға Құран аяттары мен сүннеті түсіндіріп бергеннен кейін харижиттердің бір бөлігі тәубесіне келіп, бұрынғы теріс көзқарастарынан бас тартты. Бұл оқиға Хакимнің «әл-Мустәдрәк» кітабында (2/150-152) имам Мұслимның шарттарына сай дұрыс иснадтпен келтірілген.

Ол оқиғада алты мың харижит халифа болған Әлиден бөлініп кетіп, Харура деген жерде тұрақтап, нәтижесінде адамдар Әлиге келіп: «Иә, мұсылмандардың әміршісі! Адамдар саған қарсы шықты, - дейді. Ол болса: «Тиіспендер оларға, өздері бастамайынша мен олармен соғыспаймын. Олар жақын арада соны істейді деп те ойлаймын» - деп жауап қатады. Жағдайдың бәрі осылай болып тұрған кезде бесін намазынан кейін Ибн Аббас Әлиге келіп, былай деді: «Иә, мұсылмандардың әміршісі! Маған оларға барып, олармен сөйлесуіме рұқсатыңды бер». Әли: «Олар саған қастандық жасайды ма деп қорқамын» - дейді. (*Ия, харижиттердің бір белгісі - қастандық жасау еді. Олар мұсылманды өлтіруді еш қиындыққа*

санамайтын. Сол себепті Әли Ибн Аббас үшін қауіптенген болатын. Ибн Тәймийя: «Харижиттер мұсылмандар үшін яһудилер мен насаралардан (християндардан) да жаман. Олармен келіспеген мұсылмандарды өлтіруде белсенділіктерін танытады. Олар мұсылмандардың қанын төгуге, мүлкін алып қоюға, олардың балаларын өлтіруге және оларды күпірлікке шығаруға рұқсат етеді» - деген. (Минһәжу-ссунна 5/248)).

Ибн Аббас: «Мен оларға жұмсақтық танытып, оларды мазаққа алмаймын» - дейді. Бұдан кейін Әли оған рұқсатын беріп, былай деді: «Алайда, олармен Құран арқылы тартыспай хадистер арқылы тартыс». Ибн Аббас: «Мен Құранды олардан артық білемін ғой!» - деп жауап береді. Әли: «Дұрыс, бірақ, Құранды әртүрлі тәпсірлеуге болады» - деді. (Расында да, Құранды сүннетке сүйенбей толықтай түсіну мүмкін емес. Егер де Құранның өзі жеткілікті болғанда Алла тағала Өзінің елшісіне (с.ғ.с.) **«...Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян егерсің деп, Құранды түсірдік»** (ән-Нахл:44) - деп әмір етпес еді. Көп ағымдардың адасуының бірден бір себебі – Құранды түсіну жолында сүннетке немқұрайлы қараулары болды. Әбу Надр былай деп айтқан болатын: «Бірде, Имран бин Хусайн атты сахаба қасында отырған біздерге Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерін айтып отырғанда бір адам наразылық білдіріп, былай деді: «Сен одан да бізге Алланың кітабы жайында айтсаң еді». Имран мұнысына ашуланып: «Сен надан екенсің! Алла Құранда зекет жайында айтты, ал қай жерінде 200 дирһамнан бесеуін беру керектігі айтылған?! Намаз жайында айтқан, ал бесін намазы төрт ракағат екені қай жерінде жазылған?! Қазбаны тәуәп ету жайында айтылған, ал қай жерінде жеті айналым екені айтылған?! Ақиқатында хадистер мұның барлығын парықтап, түсіндіріп береді») (әл-Әжурри “аш-Шари’а” кітабында 104. Иснады дұрыс.)

Ол оларға түс қайта барып, түскі ас ішіп жатқанда үстерінен түседі. Ибн Аббас былай деп айтты: «Олардың алдына келіп, мен құлшылықтарында ешкімге дес бермейтін адамдарды көрдім. Мені көре сала олар: Сәлем бердік саған иә Ибн Аббас. Не қажетіңмен келдің? – деді. Мен: «Мен сендерге пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабалары муһажирлер мен аңсарлардан және немере ағасының баласынан келдім. Құран оларға түскен еді, олар оның мағынасын сендерден артық біледі, ал сендердің араларыңда олардың біреуі де жоқ! Мен сендерге олар не дейтінін, оларға сендер не дейтініңдеріңді жеткіземін» - деді.»

Араларынан біреулер: «Онымен сөйлеспендер! – десті. Сол мезетте әлі харижит болған Ибн Қауа тұрып, адамдарды Ибн Аббастан қауіп төніп тұр деп, оларға былай деді: «Иә Құранның иелері! Ақиқатында сендер Ибн Аббасты білмейтін болсаңдар, мен оны білемін. Осылардың халқы жөнінде Алла тағала: **«...өйткені олар қасарысқан ел»** (әз-Зухруф:58) - деп айтқан. Оны иесіне қайтарыңдар, оны қожайынына қайтарыңдар да, Алланың кітабынан таймандар» - дейді. (Бұл тағы бір харижиттердің сипаты. Олар ғалымдарға мұқтаж еместіктерін айтып, олардың абыройларын аяқ асты етеді)»

Басқалары: Айта бер, біз сені тындап тұрмыз деді. Ибн Аббас Әлидің келесі шарттарын жеткізді: «Сендер тыйым салынған қанды төкпендер,

жолдарда қарақшылық жасамаңдар, зиммилерге (мұсылмандар жерлерінде салық төлеп тұратын мұсылман емес адамдар) қысым көрсетпеңдер. Осылардың бірін жасайтын болсаңдар, біз сендерге соғыс жариялаймыз». (Әли қандай шарттар бұзылса харижиттермен соғысамын деп отырғанына мұқият қараңыздар! Қазіргі таңда жер бетінде жиһад деген жамылғы астында көп мұсылмандар осыны істеп жатқан жоқ па? Мұсылмандар мұсылмандарды, әйелдерді, балаларды, мұсылман жерлеріне қауіпсіздік кепілдігін алып кірген кәпірлерді өлтіріп жатқан жоқ па; адал деп кәпірлердің мүлкіне қол сұғып жатқан жоқ па?! Мұның барлығының жиһадқа еш қатысы жоқ. Ал, Алла және Оның елшісі (с.ғ.с.) мұндай арсыздықтан адал. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Кім де кім муахадты (мұсылмандармен келісімде болған мұсылман емес адам) өлтірсе иісі қырық жыл жүретін ара қашықтықтан сезілетін Жәннаттың иісін сезбейді»** - деген. (әл-Бухари:2995.)

Ибн Хажар былай деп жазған: «Хадисте жизья төлеу, патшамен бейбітшілік келісімде болу немесе мұсылманнан қауіпсіздік кепілдігін алу сияқты мұсылмандармен келісімі бар кәпір жайында сөз қозғалған» (Фатхул-бәри 12/259). Алла елшісі (с.ғ.с.) бұған қоса: **«Ақиқатында, адамға қауіпсіздік кепілдігін беріп, кейін оны өлтірген адамға менің еш қатысым болмайды, тіпті, өлтірілген адам кәпір болса да»** - дейді. (Ахмад:5/223. Ибн Мәжә:2/896. Хадистің сахихтігін хафиз әл-Бусайри мен шейх әл-Албани мақұлдаған).

Ибн Тәймийя: «Қауіпсіздік кепілдігін кез келген дінсізге беруге болады және мұны кез келген мұсылман істей алады» Сонымен қатар, қауіпсіздік кепілін әйел адам да бере алады. Меккені алғаннан кейін Алланың елшісі (с.ғ.с.) асқан қатыгездік пен жауыздығымен ерекшеленген бес адамнан басқа Мекке тұрғындарын өлтіруге, олардан кек алуға тыйым салды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) ол бесеуін Қазғаның көлеңкесінде кездестірсе де өлтірсін деп бұйырады. Ибн Хубайр сол бес адамның біреуі еді. Умму Гәнидің бауыры болған Әли оны көріп Пайғамбарымыздың әмірін орындағысы келіп, артынан қуа жөнелгенде Ибн Хубайр Умму Гәнидің үйіне кіріп, одан пана сұрайды. Пайғамбардың бұйрығы жайлы ештеңе білмеген Умму Гәни оған қауіпсіздік кепілін береді. Сөйтіп, ол Алланың елшісімен (с.ғ.с.) өзі сөйлеспейінше оған тиісуге тыйым салады. Әл-Бухари келтірген хадисте Умму Гәни Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп, «Иә, Алланың елшісі! Менің бауырым Әли өз қамқорлығыма алған Хубайрдің ұлын өлтіргісі келеді» - деді. Пайғамбарымыз с.ғ.с. оған: «Иә, Умму Гәни! Сен өзіңнің қамқорлығыңа алғанды біз де қамқорлығымызға аламыз» - деп тіл қатты. (әл-Бухари:357)

Әйел адамның кепілдігі есепке алынса, бір мемлекеттің елге келгендерге берген кепілдігі жайында не айтуға болады?! Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Барлық мұсылмандардың жаны бірдей қасиетті, ал олардың ең әлсізінің берген кепілдігі барлықтарының тарапынан сақталу керек»** - дейді. (Әбу Дәуд 2751, Ибн Мәжә 2685, Ибн әл-Мунзир 11/151. Шейх әл-Албани хадисті сахих деген.)

Имам Ахмад пен Ибн Тәймийя: «Суннет бойынша дінсіз адам қауіпсіздік кепілі деп түсінген әр нәрсе оған қауіпсіздік кепілдігін береді деп келгендігін» - айтқан. («әл-Инсаф» 10/348, «Бәяну-дәлил» 64.)

Имам Ибн Мунасыф: «Жау қауіпсіздік кепілі деп түсінген кез келген тілдегі ауызша болсын, жазбаша болсын кез келген нәрсені, ишаратты, мұсылман басқа нәрсені мақсат еткен болса да, оған сол қауіпсіздік кепілдігін береді» - деген. («әл-Инжәд» 2/45.) Жоғарыда айтылғанды негізге ала отырып, мұсылмандар еліне кіргелі тұрған дінсіз адамның төлқұжатына қойылған виза оған қауіпсіздік кепілдігін береді. Мұнда еш күмән жоқ.

Бұл дінсіздердің жерінде тұратын немесе сол жерге виза немесе рұқсат алып келгендерге де қатысты. Оларды өлтіруге, сол дінсіздердің мүлкін ұрлауға тыйым салынады, себебі, бұл қатыгездік және қауіпсіздік кепілдігін бұзғандық болып есептеледі. Егер дінсіздер мұсылманды өз елдеріне кіруге рұқсат берген болса немесе ол сол жердің тұрғыны болса, мұның өзі алдын-ала келісілмеген болса да, ол олармен келісімге отырғандығын көрсетеді

Кейбіреулер «Соғыс – алдау (айла)» деген хадисті алға тартып, жауларды алдап соғуға, тіпті өлтіруге болатындығын айтады. Имам Ибн Жүзий «Қауанинул-фиқһия» кітабында былай деген: «Қауіпсіздік кепілдігін бұзу мен соғыстағы айла екеуінің айырмашылығы қауіпсіздік кепілдігі - жауларға қауіпсіздік сенімділігін қамтамасыз етеді. Ал соғыс айлакерлігі болса, әскери құпияны жасыру шараларын білдіреді. Бұл шаралар жау әскерін шатастырып, қарсы әскер шегінді немесе соғыстан бас тартты деген қате түсінік қалыптастырады. Сөйтіп, жау үстіне аяқ астынан келу үшін жасалады. Соғыс айлакерліктеріне жауды негізгі мақсаттан ауытқыту үшін бір әрекеттерді симуляциялау, жау әскерлері арасында алауыздықты тудыру, кенеттен шабуыл жасау, шайқас кезінде тактикалық шегіну сияқты әрекеттер жатады. Ал енді, өзін солардікі деп көрсету, өтірік жаудың дінін ұстану, сенімдерімен пайдаланып, қатыгездікпен оларды тас-талқан ету үшін қарсыластар алдында өзін жанашыр етіп көрсету сияқты әрекеттер оған жатпайды. Бұл тәсілдерге тыйым салынады және сатқындық болып есептеледі» - дейді. Имам әл-Марғинани «әл-Һидәя» кітабында: «Егер мұсылман жау еліне саудагер ретінде кіретін болса, ол қауіпсіздік кепілдігін алған мұсылман тәрізді. Оған олардың мүлкіне, өміріне қол сұғуына тыйым салынады, себебі ол қауіпсіздік кепілдігі берілгендігі үшін оларға қарсы еш нәрсе жасамауға кепілдігін берді. Бұдан кейін олардың мүлкі мен өміріне қол сұғу – қатыгездік, ал қатыгездік тыйым салынған» - деп айтқан. Имам әш-Шәфиги «әл-Умм» кітабында: «Егер жау бір мұсылманды тұтқынға алып, кейін босатып, қауіпсіздік кепілдігін берген болса, сол қауіпсіздік кепілі өздері үшін қауіпсіздік кепілдігін білдіреді. Сондықтан оған оларды қатыгездікпен өлтіруіне және сатқындық жасауына тыйым салынады. Имам Ибн Қудәма: «Қауіпсіздік кепілдігін алып, жау жеріне кірген адам қатыгездікпен олардың мүлкіне шабуыл жасауына, олармен бірге өсімқорлықпен айналысуына тыйым салынады. Оларға жасалған қатыгездік тыйым салынған, себебі, олардың берген қауіпсіздік кепілдігі

өздеріне қатысты сатқындық жасалмайды дегені. Бұл шарттар сөзбен келісілмеген болса да, әрекеттен белгілі болып тұр» («әл-Мұғни» 13/152)

Бір қатар ғалымдардан мемлекеттен электр жарығын, суды ұрлап пайдалануға, электр жарығын, су, газ, телефон сияқты нәрселерді пайдаланғаны үшін төлемақысын төлемесе бола ма? - деген сұраққа: «Бұған тыйым салынады, себебі бұл адамдардың мүлкіне қол сұғу және сенімділікті бұзу» - деп жауап берген. Екі дүние сардары (с.ғ.с.): «**Кім де кім муахадқа қысым көрсететін болса, ақысын жесе, шамасынан тыс жүк жүктесе, оның қалауынсыз оның бір затын алатын болса, Қиямет күні мен оған қарсы күәлік етемін**» - деген. (Әбу Дәуд 3/437, әл-Бәйһақи 9/205. әл-Албани хадистің сахихтігін мақұлдаған)

Бұл мәселеде имамдар бір пікірде болып, келісімде болған мұсылман емес адамдардың қанын, мүлкін харижиттерден басқа ешкім адал деп санамаған.

Ондай адамдарға қатысты шарияттың ұстанымы осындай болса, қаны төгіліп, мүлкі адал етілген мұсылман жайында не айтуға болады?! Хафиз Ибн Абдул-Барр былай деп айтқан: «Егер қауіпсіздік кепілдігі берілген жауласқан кәпірдің қаны харам болатын болса, таңы мен кешін Алланың қамқорлығында қарсы алатын мұсылман жайында не ойлайсың?! Оған қастандық жасалуына немесе өлтірілуіне қалай қарайсың?!» (әл-Истизкәр 14/84))

Ибн Аббас оларға: «Маған сендер Алла елшісінің (с.ғ.с.) немере інісін, сонымен қатар қызының күйеуі (Әлиді) бір нәрседе кінәлап отырғандарың жайында хабар жетті. Ол Пайғамбарға (с.ғ.с.) иман келтіргендердің әуелгісі болды, ал сендер одан наразысыңдар?! Бұл расында да солай ма?» - деді. Олар: «Біз үш нәрсеге наразымыз» - деді. Ибн Аббас: «Не нәрсе екен?» - деп сұрады. Олар: «Алла тағала: **Билік (үкім) Аллаға ғана тән**» (әл-Әнғам:57) десе де ол Алланың дінінде адамдарды үкім шығарушы етіп қойды.

Екіншіден, Муауия және Айшамен соғысқанда олжа әрі тұтқын алмады. Егер олар кәпір болса, онда адал, мұсылман болса, оларды тұтқынға алуға, олармен шайқасуға да болмайды.

Үшіншіден, Мұсылмандар оған ант беріп, оны өздеріне патша етіп сайласа да, ол өзінен мұсылмандар әміршісі (әмирул-мүминин) шенін алып тастады. Егер ол мұсылмандардың әміршісі болмаса, онда ол кәпірлердің әміршісі болғаны» деді.

Абдулла: «Тағы қандай сұрақтарың бар?» деп сұрады. Олар: «Жоқ, осы жеткілікті» деді.

Ибн Аббас: «Егер мен сендердің көзқарастарыңды Алланың кітабы мен Пайғамбардың сүннетімен қайтаратын болсам, өз пікірлеріңнен бас тартасыңдар ма?» деді. Олар: «Иә» десті.

Абдулла: «Алланың дінінде үкім шығарушы етіп адамдарды қойды дегенге келсек, Алла тағала былай дейді: **Әй мүминдер! Сендер ихрамда аң өлтірмеңдер. Сендерден біреу оны әдейі өлтірсе, оның жазасы өлтіргеніндей бір мал, оны сендерден екі әділ кісі Қағбаға баратын бір құрбанды үкім етеді...**» (әл-Мәйдә:95) және күйеу мен әйел арасындағы жанжал жайында былай деген: «Егерде екеуінің арасының ашылуынан қауіптенсеңдер, еркектің ағайынынан бір төреші, әйелдің ағайынынан

бір төреші жіберіндер. Егер ол екеуі жарастыруды қаласа, Алла да екеуінің арасын үйлестіреді» (ән-Нисә:35). Маған мұны айтыңдаршы, адамдардың өліміне, өміріне араларын татуластыруға қатысты үкімдер одан да маңыздырақ емес пе» - деді. Олар: «Әрине, маңызды» - деді.

Ибн Аббас: «Бірінші мәселеге жауап алдыңдар ма?» - деді, олар: «Иә, Алламен ант етеміз» - десті.

Абдулла жалғастырып: «Сендер Әли шайқасып, Алланың елшісі сияқты жасамай, ешкімді тұтқынға алмады, олжа алмады дейсіңдер. Сонда сендер өздеріңе күң ретінде аналарың Айшаны алып, оны құл ретінде пайдаланғыларың келе ме?! Егер, «Иә» десендер кәпір боласыңдар. Егер Айша біздің анамыз емес десендер, онда да күпірлік қылған боласыңдар. Себебі, Алла тағала: **«Пайғамбар мүминдерге өздерінен де артық. Оның жұбайлары - олардың аналары»** (әл-Әхзәб:6) деген».

Кейін Абдулла: «Бұған да қанағаттанасыңдар ма?» - деп сұрады. Олар: «Алламен ант етеміз, иә» деп жауап қатты.

Абдулла сөзін жалғастырып: «Бұған қоса, сендер Әли мүминдердің әміршісі деген лауазымынан бас тартты дедіңдер. Худәйбийя келісімі кезінде Алланың елшісі (с.ғ.с.) бейбітшілік келісімінде «Мұхаммед – Алланың елшісі» деп жазғысы келгентін, мүшриктер қарсылық білдіріп: «Егер де біз сенің Алла елшісі екеніңе сенген болсақ, сені жеріңнен қумай, сенімен соғыспас едік. «Мұхаммед ибн Абдулла деп жаз» деп талап етеді. Алланың елшісі (с.ғ.с.) дегендеріне көніп, Әлиге: «Мұны өшір де, «Мұхаммед ибн Абдулла» деп жаз», Алла мені Оның елшісі екенімді біледі» - деді.

Ибн Аббас: «Бұған да қанағаттанарлық жауап алдыңдар ма?» - деп сұрады. Олар: «Иә, Алламен ант етеміз» десті.

Ибн Аббас: «Олардың (харижиттердің) екі мыңы райларынан қайтып, қалғандары адасқан бойларында өлтірілді. Оларды муһажирлер мен ансарлар өлтірді» - деп сөзін аяқтады.

Бұл оқиғада ғалымдарға жүгіну пәледен, фитнадан құтылу жолы екені көрсетілген. Алла тағала: **«Егер білмесендер білім иелерінен сұрандар»** - дейді. (ән-Нахл:43)

Дінде астамшылық жасаудың, ақиқаттан және Әһлу-ссунна уәл-жамаға жолынан адасу қатерінің тағы бір түрі Хузәйфа жеткізген хадисте баяндалған. Ол хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Ақиқатында менің қорқатыным Құран оқитын адам болады, оның әсемдігі тіпті жарқырап тұрады. Ислам қорғаушысы болады. Кейін ол Құранды тастап, оны артқа лақтырады. Көршісін серік қосушы деп айыптап, қылышымен көршісіне шабады»** - деп айтқан. Хузайфа: **«Иә, Алланың елшісі! Олардың қайсысы көпқұдайшылдыққа жақын, айыптаушы ма, әлде айыпталушы ма?»** - деп сұрады. Ол: **«Жоқ, айыптаушы»** - деп жауап береді. (әл-Бухари «әт-Тәрих» 297, Ибн Хиббән 81. Хадистің сахихтігін имам әл-Хәйсәми, Ибн Кәсир және әл-Албани мақұлдаған)

Дінді қате түсінудің тағы бір жолы - жастық шақ.

Бұған имам әл-Бухариде Уруә ибн әз-Зубәйрден келтірілген хадис дәлел болады. Ол (Уруә) былай дейді: «Бірде, мен жас болған шағымда, Айшадан келесі аят жайында сұрадым: **«Ақиқатында, Сафа мен Маруа – Алланың**

белгілерінен. **Кім Кағбаны хаж ететін немесе умра жасайтын болса, екеуінің арасында жүгіру еш күнә болмайды»** (әл-Бақара:158). Бұл жайында не айтасыз? Ол екеуінің арасында жүгірмесем ештеңе етпейтін сияқты - дедім. Ол: «Жоқ, дәл солай болса, былай айтылар еді: «Ол екеуінің арасынан жүгірмегенге еш күнә жоқ» - деп айтылар еді. Бұл аят ансарларға байланысты түскен. Олар Исламға дейінгі кезеңде қажылықтарын Манат мүсінінен бастайтын, Ислам келгеннен кейін олар Сафа мен Маруа арасына жүгіруге сақсынатын. Олар не істейтіндерін білмегендіктен Пайғамбардан (с.ғ.с.) сұрағандықтан Алла тағала осы аятты нәзіл қылды» - деп жауап берді».

Уруә ибн әз-Зубәйр даңқты тәбиғин, жеті ең атақты Мәдина фақиһ ғалымдарының бірі. Алайда, Айша анамызға сұрақ қойған кезінде жас еді. Бұл жағдай, жастық шақ дінді қате түсінудің бір себебі болуы мүмкін екеніне, ғалымдарға сүйену жақсылық, құтылу жолы екеніне анық айғақ болып отыр. *(Жастық шақ - харижиттердің бір сипаты. Әли ибн Әбу Толиб: «Мен Алланың елшісінің (с.ғ.с.): «Соңғы уақыттарда жас және ақылсыз адамдар пайда болады» - деп айтқанын естідім» (әл-Бухари 3611, Мұслим 1066) деп айтқан. Имам ән-Нәуәуи: «Бұл хадистен тұрақтылық, білімнің күші жастың өсуімен келеді дегенді түсінеміз» - деген. «Фатхул-бәри 12/300»)*

ҚАНДАЙ АҚЫЛ НЕМЕСЕ ДІН ТЕРРОРИЗМДІ ЖИҒАД ДЕЙДІ?!

Қазіргі таңда болып жатқан оқиғалар қылмыстардың ең жаман және арсыз екені анық. (Алла тағала: **«Тәртіпке келтірілгеннен кейін жер бетінде арсыздықты жаймандар»** - дейді. (әл-Әғраф:56)).

Ең сорақысы, осындай нәрселер жасағандарға шайтан істегендерін жиһад етіп көрсетеді. Қандай ақыл мен дін мұсылманның немесе муахаддың қанын төгу, адамдарда үрей тудыру, әйелдерді жесір, балаларды жетім ету, ішіндегілермен бірге құрылыстарды қирату – жиһад деп атайды?!

Шейх Ибн Усәймин өз сөзінде: *«...осы күндері Ислам діні дінсіздерге кіршіксіз күйінде жеткізілген бе? Әрине, жоқ! Кейбір бауырларымыз еш даналықсыз ойына келгенін істеп жатқанда олар тек еуропалықтар мен басқаларға Ислам жайында теріс түсінік береді. Мен Алла жолындағы жиһад деп халық арасында жарылыстар ұйымдастырушыларды меңзеп отырмын. Асылында олар Исламға пайдасынан гөрі зиянын тигізуде. Олар қандай нәтижеге жетті? Сұрақ: Кәпірлер Исламға жақындай түсті ме, әлде одан сайын алыстады ма? Осы, топқа жатқызбау мақсатында, адам бетін жасыру Исламнан ба? Ислам бұның барлығынан алыс, Ислам бұның барлығынан алыс! Тіпті, жиһад парыз болғаннан кейін де сахабалар өлтіру үшін аттанбаған, олар тек қолбасшы жалауының астында жиһадқа шыққан. Ал бұл террорға қатысты айтатын болсақ, Алламен ант етемін – мұсылмандарға жәбірлік көрсету. Біз жақсы нәтиже, пайда көріп отырған жоқпыз, керісінше, бұл бұрмалау және Ислам дінін қате ұсыну болып табылады. Егер де біз даналық жолын таңдап, Алладан шынайы түрде қорықсақ, әуелі өзімізді, кейін өзгелерді дұрыстап, шариғат*

жолымен жүрсек нәтижесі оң болары анық!». («Шарх усулиттәфсир» 1 кассета «А»)

Шейх Салих әл-Фаузаннан: «Мұсылман емес елдердегі өлтірулер, мемлекеттік мекемелердегі жарылыстар керек дүние ме және мұны жиһад деп атауға бола ма?» - деп сұраған екен. Шейх: «Өлім мен жарылыстарға тыйым салынады, себебі, ондай істер тек мұсылмандарға бәлекет әкеліп, өздерінің қудалануына және өлтірілуіне әкеп соғады. Алла жолындағы жиһадты айтатын болсақ, белгілі шарттарды сақтап, ашық шайқас қана болуы тиіс. Бұл мәселеде біз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) үлгі алуымыз керек. Мәдинаға көшпестен бұрын, Меккеде кәпірлердің арасында болған уақытында оған: **«Соғыстан бас тартындар, намаз оқындар, зекет беріндер»** деген аят түсірілген болатын (ән-Нисә:77). Сөйтіп, оған кәпірлермен соғысудан бас тартуы бұйырылды, себебі, егер бір мүширик (Аллаға серік қосушы) өлтірілген болса, кәпірлер барлық мұсылмандарды өлтірер еді. Анығы, мұсылмандар өмір сүріп жатқан жерлердегі адамдарды өлтіру, өзіміз көріп отырғанымыздай, мұсылмандардың өздерін өлтірілуіне әкеп соғады. Мұның барлығы Исламға еш қатысы жоқ және Алла жолындағы жиһад болып есептелмейді. Мұсылмандарды бәлекетке ұшыратып отырған жарылыстар да осындай» деп жауап қатқан.

Бір орын алған лаңкестік оқиғадан кейін ғалымдардың жоғарғы кеңесі былай деген: «Кімде - кім әртүрлі терактілер, кінәсіз адамдарды өлтіру – жиһад дейтін болса, жәһил (надан) және адасқан, себебі, мұның Алла жолындағы жиһадқа еш қатысы жоқ».

Шейх Абдур-Рахман әл-Бәррак былай деді: «Кәпірлерге қатысты ұрлық, біреудің ақысын жеу, ұру және еш хақысыз сөгу сияқты, сол кәпірлер жерінде тұратын кейбір надан мұсылмандар жасайтын қылмыстар - ислам шаригатында тыйым салынған. Ол адамдардың жасап жатқаны Исламға еш қатысы жоқ. Бұдан бетері, кейбір надандардың әртүрлі мекемелерді жарып лаңкестіктер ұйымдастыруы. Ақиқатында, Алла тағала жер бетінде Өз құлдарының арасында әділдікті, Оның сөзін ұлық ету үшін рұқсат еткен жиһадқа еш қатысы жоқ. Тіпті, бұл тыйым салынған арсыздық болып есептеледі». (Иқтида алә ғайрил-мүслимин 3).

ӨЗІНЕ БІЛМЕСТІКТЕН ЖӘНЕ БІЛЕ ТҰРА ҚОЛ ЖҰМСАҒАНДАР ЖАЙЫНДАҒЫ ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ХАДИСТЕР

Алла тағала: «Ей иман келтіргендер! Өзара бұзықтықпен малдарыңды жемендер. Бірақ өз ризалықтарыңмен саудаласу басқа. Өздеріңді өлтірмендер. Расында Алла сендерге ерекше мейрімді. Ал кім осы айтылғанды дұшпандықпен, зұлымдықпен істесе, оны жақында отқа саламыз. Бұл Аллаға оңай» (ән-Нисә:29-30) дейді.

Әбу Нурайра Алланың елшісі с.ғ.с.: «Кім әдейі таудан құлап өлетін болса, мәңгілік тұрағы болатын Тозаққа, әрдайым құлап отырады, кім у ішіп өзін өлтіретін болса, мәңгі тұрағы болар Тозақта сол уды ішіп отырады. Кім өзін темірмен өлтірсе мәңгі тұрағы болар Тозақта

қолына сол темірді ұстап өзінің қарнына тығып отырады» - деп айтқанын жеткізеді. (әл-Бухари 5778, Мұслим 175)

Әбу Һурайра тағы бір хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.): *«Кім өзін тұншықтырып өлтірсе, Тозақта да өзін буындыруын жалғастырады, өзін бауыздаған адам Тозақта да соны істейді»* - деп айтқанын риуаят еткен.

Жоғарыдағы аяттар мен хадистер қандай себептермен болмасын өзіне қол жұмсаудың үзілді-кесілді тыйым салынғанына дәлел болады. Бұл дәлелдерде өзін жаруды «амалия истишһәдия» деп атап, рұқсат етушілерге қарсы жауап болады. Осындай аят, хадистерді оқығаннан кейін қандай иманды адам, оған рұқсат етілгендігі жайлы жүз адам пәтуә берсе де, өзін жарып, өзіне қол жұмсауы мүмкін?!

Жарылыс жасауды жиһад деп рұқсат еткендер өздерінің пікірлерінің дұрыстығын дәлелдеу үшін патшаға өзін қалай өлтіруге болатындығы жайында хабардар еткен жас жігіт жайында айтылған хадисті келтіреді. *(Ол жерде жас жігіт өзіне садақ атып өлген жоқ, кәпірдің қолынан өлді, бұған қоса, адамдар Ислам дінін қабылдады. Шейх Ибн Усәймин былай дейді: «Жас жігіттің оқиғасында адамдарды дінге кіргізу орын алған, жауға қастандық тигізу емес». «Бәбул-мәфтүх 20».*

Кейбір сахабалар өлетінін білсе де, жау арасына баса көктеп кіріп кететін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұндай істі сөкпейтін еді. Анығында, олардың еш қайсысы да аман шықпайтынын білсе де, өздеріне қол жұмсамаған. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сахабаларына өз басын қауіп-қатер төндіргенге кедергі болмайтын, егер одан Ислам діні мен мұсылмандарға пайда көріп тұрған болса. Ол (с.ғ.с.) тіпті шайқас кезінде болсын өзіне қол жұмсауға тыйым салды. Өз басын қауіп-қатерге тігу - өзін өлтіруге болатынына дәлел емес.

Тағы бір маңызды мәселе, сахабалар соғыс кезінде жауға шауып өз өмірлеріне қауіп төндірді, қарттарға, әйелдерге, балаларға шауып емес.

Ғалымдар «амалия истишһәдия» деп аталатын өзін-өзі өлтіруге тыйым салған. Шейх Ибн Усәймин кәпірлердің арасында өзін жарған жайында былай деген: *«Ақиқатында, менің пікірім, ондайлар өздеріне қол жұмсағандар болып есептеліп, Тозақта азапталады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ақиқатында, өзіне қол жұмсап өлген адам, Тозақта азапталады, және ол онда мәңгі қалады»* - дейді. (әл-Бухари 5778, Мұслим 1109.) Алайда, адам білместігінен, Аллаға жағатын іс істеп жатырмын деп ойлап жасаса, Алла оның қате шешім қабылдап істеген кінәсін кешіреді деген үміттеміз. Бірақ мен бүгінгі таңда жасалып жатқанды құптамаймын, себебі, өзіне қол жұмсаудың бұл түрі жиі орын алуда, сондықтан тура жол адасушылықтан айыру үшін ғалымдардан сұрауы тиіс. Таң қалдыратыны Алла тағала: **«Өздеріңді өлтірмендер. Расында Алла сендерге ерекше мейрімді»** (ән-Нисә:29) деп, тыйым салса да, ол адамдардың өздерін өлтіретіндігі! Ондайлардың көбісі тек рұқсат етілген немесе тыйым салынған жолмен болсын жауларынан өш алуын қалайды. Сондықтан олар тек өз нәпсісін қанағаттандырғысы келеді». («Кәйфә нуалиджү уақиғана әл-әлиим» 119).)

Бұған қоса, адам тіпті жазықсыз жануарды өлтіргені үшін де жауап береді. Ибн Умардан риуаят етілген хадисте Алланың елшісі (с.ғ.с.): **«Егер адам еш хақынсыз тіпті торғайды немесе одан үлкенін өлтіретін болса, Қиямет күні Алла тағала оны міндетті түрде жауапқа тартады»** - дейді. Сахабалардың: **«Иә, Алланың елшісі! Оның хақысы не?»** деген сұрағына ол (с.ғ.с.): **«Оның басын жұлып лақтырып тастамай, оны бауыздап жеу»** - деп жауап берді. (ән-Нәсәи 7/239, Ахмад 4/389, хадистің сахихтігін ән-Нәсәи, Ибн Хиббән, әл-Хәким, хафиз әл-Мунзири, Ибн Кәсир және шейх әл-Албани мақұлдаған. Және «Сахиху-ттәрғиб» 1/631 қара)

Имам Әбу Бакр ибн әл-Араби былай деген: **«Жазықсыз жануарды өлтіру тыйым салынғаны анық белгілі. Оны істегенге қауіп бар. Онда адам баласын, мұсылманды, тақуа және салиқалы адамды өлтіру жайында не айтуға болады?!»** «Фатхул-бәри» 12/196

МҰСЫЛМАНДЫ ЖАЗЫҚСЫЗ ӨЛТІРУ

Бұл мәселеге қатысты Ибн Масғуд (р.а.) Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): **«Мұсылманды сөгу – арсыздық, онымен шайқасу - күпіршілік»** деп айтқанын риуаят етеді.

Алла елшісі (с.ғ.с.): **«Кімде - кім үмметіме қарсы соғысып, салиқалы мен күнәһарын айырмастан өлтірсе, келісім жасасқандармен келісімін орындамаса, оның маған еш қатысы, менің оған еш қатысым жоқ»** деген. (Мүслим 1848)

Убада ибн Самиттен (р.а.) Алла елшісі (с.ғ.с.): **«Кімде - кім мүминді өлтіріп, істегеніне қуанатын болса, Алла оның не нәпіл амалдарын, не парыз амалдарын қабыл етпейді»** деп айтқаны риуаят етіледі. Бұл хадисті Әбу Дәуд келтіріп, соңында Халид бин Дахқаннан былай деп айтқанын жеткізеді: **«Мен Яхья ибн Яхьядан «қуанатын болса» деген сөздері жайында сұрадым, ол: «Бұл жерде әңгіме бүлік кезінде шайқасатындар жайында қозғалып отыр. Біреу екіншісін өлтіріп, өзін тура жолда санап, істеген қылмысына өкінбейді» - деп жауап берді»** - деп айтты.

Мұсылманды өлтірмек түгіл ол жайында жаман ойлаудың өзі тыйым салынады. Ибн Умар (р.а.) былай деп айтатын: **«Мен Алла елшісі (с.ғ.с.) Қазбаны тәуәп етіп жүріп, былай деп айтқанын естідім: «Сен қандай әсемсің, иісің де қандай керемет! Сен қандай ұлықсың, сенің қасиетің қандай керемет! Мұхаммедтің жаны құзырында болғанмен ант етемін! Алланың тарапында мүминнің ұлықтығы сенікінен жоғары. Оның мүлкі, қаны біз үшін қастерлі және біз ол жайында тек жақсылық ойлауымыз керек»»**. (Ибн Мәжә 2619, Хадистің сахихтігін әл-Бусайри, шейх Ахмад Шәкир және әл-Албани мақұлдаған. «Сильсилә әс-сахиха» 3420)

Ибн Умар Алла елшісінің (с.ғ.с.): **«Мүмин тыйым салынған біреудің қанын төкпейінше дінінің (иманының) кеңшілігін сезініп жүре береді»** деп айтқанын жеткізеді. (әл-Бухари 6862)

Бұның барлығы мұсылманның Алланың алдындағы дәрежесін көрсетеді.

Айта кететін жағдай: кез келген адам жаза қолдана алмайды, оны жасауға ислам мемлекетінде тек патша хұқылы. Бұған ғалымдар бір ауыздан келіскен.

Ибн Тәймийя: «Мұсылмандардың патшасы бір жерге әмір етіп қойған адам (мұхтәсиб) өз бетімен жазалауға, қол шабуға хақысы жоқ» - деп айтқан. («Мәжмағұл-фәтәуә» 28/109)

Егер мұсылмандардың патшасы әмір етіп сайлап қойған адам жазалау жөнінде үкім шығаруға хақылы болмаса, қарапайым адамдардың өлім жазасы үкімін бергенге не айтуға болады?!

Істің бәрі осылай болатын болса, жастардың ұрандатып жүргені не қылған шариғат, не қылған жиһад?!

Құран мен сүннетті ұстанушы бауырым! Егер шын мәнінде осы екі (Құран мен Алла елшісінің сүннеті) нәрсеге ұстансаң, айтылғанды қабыл ет! Қабыл етпесең, онда өз нәпсіңе ерген екенсің. Онсыз да дінге жаман ат әкеліп, діннің абыройын түсірудесің. Атай кетсек, мекемелер, оқу орындары мен абақтыларда намазханалар ашамыз деп жүргенде, ашылғанды жабуға тура келді. Орамал киген қарындастарымыздың жағдайы нашар еді, одан сайын қиындай түсті. Ата-ана баласының мешітте дәріс алғанына қарсы. Мұның бәріне мемлекет пен имам-молда кінәлі емес, сен кінәлісің. Дініңе қызмет ете алмасаң, кедергі жасама, бұл сенің дінге әкелген пайдаң болар.

Уа, жастар! Алладан қорқып, бұл дүниенің қайғысына, ахиреттің азабына жетелейтін шайтанның қармағына түсіп қалмаңдар!

Алладан қорқыңдар, қарт адамдарды, балаларды өлтірмеңдер!

Алладан қорқыңдар, аналарды, қыз-қарындастарымызды өлтірмеңдер!

Алладан қорқыңдар, Аллаға құлшылық етуші қарттар мен сәбилерді өлтірмеңдер!

Алладан қорқыңдар, тыйым салынған қанды төкпеңдер, біреудің мүлкіне қол сұқпаңдар!

«Отыны адамдар мен тастар болатын Оттан қорқыңдар» (әл-Бақара:24)

«Адам өзі тапқанын алатын және оларға еш зұлымдық жасалмайтын, Аллаға қайтарылатын күннен қорқыңдар!» (әл-Бақара:281)

Ұйқыдан оянып, надандықтан арылыңдар! Жер бетінде арсыздықты жаю жолында шайтанның қаруы болмаңдар!

Мен Алладан мұсылмандарға діндері туралы дұрыс түсінік беріп, ашық және жасырын адасудан, бүліктен сақтауын сұраймын. Әмин.